

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқармасының
2018 жылғы «__» _____
шешіміне, № _____ хаттама
№1 қосымша

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдары қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесі саясаты

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдары қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесі саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларына арналған Тәуекелдерді басқару жөніндегі референстік модельдің талаптарына және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

1.2. Осы Саясат қызмет үздіксіздігін қамтамасыз ету саласындағы ISO 22301:2012 «Әлеуметтік қауіпсіздік. Бизнес үздіксіздігі менеджменті жүйелері. Қойылатын талаптар» халықаралық стандартының ұсынымдарын ескеріп, ҚМГ компаниялар тобындағы қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің (бұдан әрі – ҚҮБЖ) қолданылу аясын, мақсаттарын, негізгі принциптері мен оның жұмыс істеу моделін айқындайды.

1.3. ҚҮБЖ қызметін қалпына келтіруге және мүдделі тараптардың мүдделерін, Компанияға құндылық қосатын Компанияның іскерлік беделін, брендін және қызметін қорғауды қамтамасыз етуге қабілетті, тиімді қарсы шараларды іске асыру арқылы тосын оқиғаларға Компанияның тұрақтылығын арттыруға арналған негізді құрайтын, әлеуетті қауіптерді/тәуекелдерді сәйкестендіруге және олардың ҚМГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының (бұдан әрі бірге - Компания) қызметіне әсер етуін бағалауға бағытталған үрдістер мен қағидаттар жиынтығын білдіреді.

1.4. Компания ҚҮБЖ болуының маңыздылығын ұғынады және қызмет үзілісіне (апаттық және төтенше жағдайлардың туындауы) алып келетін қауіп пен тәуекелдер мәнмәтінінде қызмет үздіксіздігін қамтамасыз ететін шаралар мен құралдарды дамытуға, жетілдіруге қажетті жағдайлар мен ресурстарды анықтай отырып, қызмет үздіксіздігін басқарады.

1.5. ҚҮБЖ құру кезінде Компанияда жалпы қағидаттар мен әдіснаманы қоса алғанда, бірыңғай тәсілдер енгізілуі тиіс. Осы Саясат негізінде қызметтің үздіксіздігін басқару ҚҮБЖ-ның Компанияда жұмыс істеуіне негіз болып табылады.

2. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

2.1. Осы Саясаттың әрекет етуі «Барлау, өндіру және мұнай сервисі», «Мұнай тасымалы, өңдеу және маркетингі», «Газ тасымалы, қайта өңдеу және маркетингі» бизнес бағыттарын, осы бизнес-бағыттардың ажырамас қолдаушы бизнес-процесстерін, сондай-ақ ҚМГ Корпоративтік орталығының процесстерін қоса алғанда ҚМГ-ның барлық бизнес-бағыттарына қолданылады.

2.2. Осы Саясат ҚМГ барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің қолдануы үшін міндетті болып табылады.

2.3. ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдары (бұдан әрі – ЕТҰ) осы Саясаттың ережелерін бұзбай, бірақ өз қызметінің сипаттамасы мен ерекшелігіне есепке ала отырып, өзінің үздіксіз қызмет саласындағы саясатын әзірлейді.

3. ҚҰБЖ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ

3.1. ҚҰБЖ Компанияның мынадай мақсаттарға жетуі үшін енгізіледі:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес өз қызметін жүзеге асыру және акционерлер, тұтынушылар және өзге де мүдделі тараптар алдындағы міндеттемелерін орындау қабілетін ұстап тұру;

2) болуы мүмкін қызмет бұзушылығының алдын алу және болдырмау;

3) тосын оқиғалар туындаған жағдайда қаржылық тұрақтылықты ұстап тұру;

4) қызмет бұзылған уақытта тиімді басқарушылық шешім қабылдауға және олардың толық және уақтылы іске асырылуына арналған шарттарды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін басқару құрылымын сақтау;

5) олардың бұзылуы қысқа уақыт аралығында елеулі зардаптарға алып келетін шешуші бизнес-процесстерді (шекті бизнес-процесстерді) қалпына келтіру және ұстап тұру;

6) Компанияның қызметіне тосын оқиғалардың әсер ету ауқымын төмендету (активтерге және беделге келтірілетін залалды төмендету, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде тұрған ақпараттың жоғалуын болдырмау);

7) қызмет бұзылған кезеңде қызметкерлердің қалыпты жұмыс жағдайын, қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

4. ҚҰБЖ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

1) Компанияның қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету аясындағы Саясаты келесі қағидаттарға негізделеді:

2) **үздіксіздік** – ҚҰБЖ тұрақты негізде жұмыс істейді;

3) **Басшылықтың адалдығы (менеджмент белсенділігі/ басшылықтың көшбасшылығы және мүдделілігі)** – Компания басшылығы ҚҰБЖ

маңыздылығын ұғынады, ҚМГ компаниялар тобына ҚҮБЖ енгізу және оны жетілдіру кезінде белсенді түрде қатысып, жан-жақты қолдау көрсетеді;

4) **интеграция** – қызмет үздіксіздігін басқару процесі мен операциялық қызмет процесстерінің өзара тиімді әрекеттесуін, сондай-ақ тосын оқиғалар кезінде шешімдер қабылдауын қамтамасыз ету;

5) **ресурстармен қамтамасыз етілуі** – ҚҮБЖ тосын оқиғаларға тиімді деңгейде арқылы Компания қызметін қолайлы деңгейде ұстап тұруға жеткілікті қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуі тиіс;

6) **жинақтылық** – ҚҮБЖ қызмет үзілісі болуы мүмкін Компания қызметінің барлық бағыттарын қамтиды;

7) **хабардарлық және уақтылы хабарлау** – ҚҮБЖ шынайы, дұрыс және өзекті ақпараттың болуымен қамтамасыз етілуі тиіс. Компания қызметкерлері Компанияның операциялық қызметін қалпына келтіру кезінде қолданыстағы рәсімдер мен жүйелі әрекеттер жөнінде хабардар етілуі тиіс, сондай-ақ қызмет үздіксіздігін қамтамасыз ету жөніндегі рәсімдерді тестілеу кезінде қатысады.

5. ҚҮБЖ ЖҰМЫС ІСТЕУ ПРОЦЕСІ

5.1. ҚҮБЖ жұмыс істеуі циклды процесс болып табылады және келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

1) ҚҮБЖ қолданылу аясын айқындау – қолданылу аясы ҚҮБЖ бастапқы енгізу кезінде және Компанияның жолға қойған мақсаттарын, мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен болжалдарын ескере отырып айқындалады.

2) қызмет бұзылған жағдайда Компанияның бизнес-процесстерін қалпына келтірудің шегіне жетуін, басымдығын және нысаналы уақытын анықтауға қажетті бизнеске әсер етуді талдау;

3) Қызмет үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарын (бұдан әрі - ҚҮҚЕЖ) әзірлеу, ол тосын оқиғаны, ресурстарға, коммуникацияға деген қажеттілікті, сондай-ақ қалыпты қызметті қалпына келтіру тәртібін басқару жөніндегі шараларды қоса алғанда, Компания қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету рәсімдерін белгілеуге бағытталған;

4) ҚҮҚЕЖ тестілеу – ҚҮҚЕЖ Компания қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуде саналы сенімділік болуы үшін жүйелі түрде тестілеуге жатады;

5) ҚҮБЖ мониторингтеу мен жетілдіру ҚҮБЖ-ның, оның құрамдас бөліктерінің жұмыс істеу процесін және қызмет үздіксіздігі процесін қамтамасыз ету жөніндегі белгіленген шараларды талдауды және жақсартуды, сондай-ақ оқыту іс-шараларын жүргізу арқылы қызметкерлерге жүйенің мақсаттары және тосын оқиғалар туындаған жағдайдағы өздерінің функциялары туралы хабардар етілуін арттыруды қамтиды.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Осы Саясатты іске асыру тетігі (ҚҮБЖ ұйымдық құрылымы, ҚҮБЖ қатысушыларының жауапкершіліктерін және өкілеттіктерін, сондай-ақ қызмет үздіксіздігін қамтамасыз ету аясындағы рәсімдерді бөлу) Компанияның ҚҮБЖ аясындағы ішкі құжаттарында айқындалған.

6.2. Осы Саясат, сондай-ақ оған енгізілетін барлық толықтырулар мен өзгерістер ҚМГ Директорлар кеңесімен бекітіледі.

6.3. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, ҚМГ Жарғысы мен өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.